

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ**

**АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ**



**БЕКІТЕМІН**

**Факультет деканы**

**Қ.Д. Каймулдинова**

Хаттама № « 2 » 06 2025ж.

**8D01515 – География**

**білім беру бағдарламасы бойынша  
докторантураға түсушілерге арналған  
БАҒДАРЛАМА**

**Алматы, 2025**

## **8D01515 – География білім беру бағдарламасына докторантураға түсушілерге арналған емтихан бағдарламасы**

### **I. Жалпы ережелер**

1. Бағдарлама «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығына (бұдан әрі – үлгілік қағидалар) сәйкес жасалды.

2. Докторантураға түсу емтиханы сұхбаттасудан, эссе жазудан және білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтиханнан тұрады.

| №                  | Блогы                                                  | Балы   |
|--------------------|--------------------------------------------------------|--------|
| 1                  | Сұхбаттасу                                             | 30     |
| 2                  | Эссе                                                   | 20     |
| 3                  | Білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан | 50     |
| Барлығы/ өту ұпайы |                                                        | 100/75 |

3. Түсу емтиханының ұзақтығы – 3 сағат 10 минут, осы уақыт ішінде оқуға түсуші эссе жазады, электрондық емтихан билетіне жауап береді. Сұхбаттасу ЖОО қабылдау емтиханының алдында өткізіледі.

### **II. Түсу емтиханын өткізу тәртібі**

1. 8D01515 – География білім беру бағдарламасына докторантураға түсушілер проблемалық / тақырыптық эссе жазады. Эссе көлемі – 250 сөзден кем болмауы керек.

Эссе мақсаты – теориялық білімге, әлеуметтік және жеке тәжірибеге негізделген өз аргументациясын құрастыру қабілетінде көрініс табатын аналитикалық және шығармашылық қабілеттер деңгейін анықтау.

Эссенің түрлері:

– зерттеу қызметіне ынталандырушы себептерді ашатын мотивациялық эссе;

– жоспарланған зерттеудің өзектілігі мен әдістемесін негіздейтін ғылыми-аналитикалық эссе;

– пәндік саладағы ғылыми білімнің әртүрлі аспектілерін көрсететін проблемалық/тақырыптық эссе.

2. Электрондық емтихан билеті 3 сұрақтан тұрады

**8D01515 – География білім беру бағдарламасы бойынша докторантураға түсу емтиханы келесі пәндерді қамтиды:**

1-пән. Қазіргі география ғылымының теориялық негіздері

2-пән. Географияны оқыту әдістемесі және педагогикалық технологиялар

3-пән. География және Тұрақты даму бағытында білім беру

## *1-пән. Қазіргі география ғылымының теориялық негіздері*

### **1-тақырып. География ғылымының пәні, құрылымы және міндеттері**

География ғылымының тарихи дамуы, негізгі бағыттары мен салалары (физикалық, әлеуметтік-экономикалық, геоэкологиялық география). Ғылымның кеңістіктік талдау нысаны ретіндегі ерекшелігі. География ғылымының қоғамдағы маңызы мен болашағы.

### **2-тақырып. Географиялық зерттеудің әдістері**

Географиялық зерттеулерде қолданылатын классикалық және заманауи әдістер: бақылау, салыстыру, картографиялық, статистикалық, модельдеу, жүйелік-географиялық әдістер. Сандық география мен геоақпараттық технологиялардың орны.

### **3-тақырып. Табиғи-аумақтық кешендер және ландшафтану**

Ландшафттық география мен геожүйелер теориясы. Табиғи-аумақтық кешендердің құрылымы, элементтері, байланыстары. Қазақстан аумағындағы негізгі ландшафт түрлері мен олардың экологиялық жағдайы.

### **4-тақырып. Жер бетіндегі географиялық заңдылықтар.**

Жер бетінің ендік бойынша өзгеру заңдылығы – географиялық белдеулік. Климат, топырақ, өсімдік жамылғысы мен жануарлар дүниесінің таралуына әсер ететін зоналылықтың рөлі. Белдеулер мен зоналардың ерекшеліктері. Мұхиттардың әсері. Аймақтық тұтастық және кешенділік.

### **5-тақырып. Мәдениет географиясы**

Әлемдегі тілдердің таралуы, диалектілердің аймақтық ерекшеліктері. Әлемдік діндердің (ислам, христиан, буддизм, индуизм) және дәстүрлі сенімдердің таралу аймақтары. Ұлттық және этникалық топтар. Жаһандану жағдайында мәдени гомогенизация немесе гибридизация үрдістері.

### **6-тақырып. Геосаясат және аумақтық тұтастық**

Геосаясат ғылымы, аумақтық тұтастықтың маңызы, трансшекаралық аумақтар, халықаралық қатынастардағы кеңістіктік мүдделер. Қазақстанның геосаяси орны мен шекаралық мәселелері.

### **7-тақырып. Әлеуметтік география**

Халық саны мен орналасуы, көші-қон, урбанизация үрдістері, демографиялық құрылым. Әлеуметтік факторлардың кеңістіктік көрінісі мен олардың аймақтық даму үрдістеріне әсері.

### **8-тақырып. Аймақтық география**

Аймақтық географияның теориялық негіздері, экономикалық аудандастыру, табиғи-шаруашылық жүйелер, Қазақстан аймақтарының мамандануы мен даму ерекшеліктері.

### **9-тақырып. Табиғи ресурстарды бағалау**

Ресурстардың кеңістіктік таралуы, маңызы, қорлары мен олардың сарқылуы. Жер, су, орман, пайдалы қазбалар және биологиялық ресурстарды географиялық тұрғыда бағалау. Табиғи ресурстарды игеру мен қорғаудың заманауи бағыттары. Қоршаған ортаны қорғау және ресурстарды тұрақты басқару мәселелері.

### **10-тақырып. Мәдени мұра және туризм**

ЮНЕСКО-ның дүниежүзілік мұра объектілері. Экотуризм мен мәдени туризмнің кеңістіктік ұйымдастырылуы. Туризм мен табиғи ландшафт арасындағы тепе-теңдікті сақтау.

### **11-тақырып. Экономикалық география және логистика**

Өндірістік факторлар (шикізат, су, еңбек, нарық). Халықаралық еңбек бөлінісі. Шикізаттың жеткізілуінен бастап дайын өнімнің тұтынушыға дейін жетуіне дейінгі процестер. Көлік дәліздері, транзиттік әлеует, экономикалық кластерлер. Қазақстандағы көлік инфрақұрылымының дамуы.

### **12-тақырып. Климаттың өзгеруі**

Жаһандық климаттың өзгеру себептері, салдары және оларға қарсы күресу стратегиялары. Климаттық модельдер мен болжау әдістері. Климаттық тәуекелдер және экологиялық қауіптер. Су тасқыны, құрғақшылық, орман өрттері, олардың кеңістіктік таралуы мен алдын алу стратегиялары.

### **13-тақырып. Геоэкология**

Геоэкологиялық жүйелер, табиғи және антропогендік факторлар, ластанған аймақтарды картаға түсіру, экожүйелердің тұрақтылығы және тәуекелдерді бағалау.

### **14-тақырып. Ауыл шаруашылығы географиясы және азық-түлік қауіпсіздігі.**

Ауыл шаруашылығы белдеулері, өнімділік, азық-түлік қауіпсіздігі мен климаттық тәуекелдер. Агроэкологиялық зоналарды тиімді пайдалану. Климаттық өзгерістердің егіншілік пен жайылымға әсері. Азық-түлік тізбегін кеңістіктік басқару.

### **15-тақырып. Урбанизация, және экологиялық урбанистика.**

Қалалардың қарқынды өсуі мен агломерациялардың пайда болуы. Қала құрылымы, даму моделі. Смарт-қалалар. Адамдар миграциясы, Қала мен ауыл арасындағы теңсіздік және инфрақұрылымдық даму.

## ***2-пән. Географияны оқыту әдістемесі және педагогикалық технологиялар***

### **Тақырып 1. Географияны оқыту әдістемесінің ғылыми негіздері**

Оқытудың мақсаты мен міндеттері, мазмұны мен құрылымы, формалары мен құралдары. Оқу географиясының түсінігі мен мәні. Оқу географиясының объектісі, пәні және функциялары. Географияны оқыту әдістемесінің педагогика ғылымдары жүйесіндегі орны, зерттеу әдістері мен принциптері.

### **Тақырып 2. Географиялық білім берудің тарихы мен эволюциясы**

Даму кезеңдері, классикалық және қазіргі мектептер. Географиялық білімнің тарихи эволюциясы. Өртүрлі елдердегі даму. Классиктердің үлесі (К. Риттер, В.П. Максаковский, И.Д. Зверев, т.б.). Цифрландыру және тұрақты даму дәуіріндегі заманауи трансформациялар.

### **Тақырып 3. Географиялық білім берудегі ғылыми зерттеулердің әдістемесі**

Объект, пән, әдістер, гипотеза, ғылыми аппарат. Жүйелік, құзыреттілік, тұлғаға бағытталған тәсілдер; Географиялық, аксиологиялық және конструктивистік тәсілдер; Пәнаралық байланыс әдістемелік принцип ретінде.

#### **Тақырып 4. Географиялық білімнің құрылымы**

Мазмұны (негізгі компоненттер: фактілер, түсініктер, заңдылықтар, теориялар). Ұйымдастыру формалары (сабақ, практика, жоба, экскурсия). Деңгейлері: мектеп, кәсіптік, жоғары, бейресми географиялық білім

#### **Тақырып 5. Географиялық білім берудегі қазіргі тенденциялар**

Географиялық білім берудегі құзыреттілік көзқарас. Тұрақты даму мақсаттарының интеграциясы. ГАЖ технологияларын цифрландыру және енгізу. Мазмұнды интернационалдандыру және жаһандану

#### **Тақырып 6. Географияны оқытудағы инновациялар мен цифрлық технологиялар**

GIS, Google Earth, QGIS пайдалану; AR/VR, дрондар және спутниктік суреттер; Онлайн карталар, сандық ресурстар, интерактивті платформалар

#### **Тақырып 7. Географияны оқытудың дидактикасы мен әдістемесі**

Оқыту әдістері, сабақ түрлері. Географияны оқытудағы дидактикалық принциптер. Айқындық принципі; Ғылыми және жүйелілік принципі; Оқушылардың қолжетімділігі мен белсенділігі принципі; Теория мен практиканың байланыс принципі.

#### **Тақырып 8. Мұғалімнің зерттеу мәдениеті**

Ғылыми этика және академиялық адалдық, Баспа қызметі және ғылыми коммуникациялар. Зерттеу ұжымдары мен жобалардағы жұмыс этикеті. Ғалым-педагогтың кәсіби тұлғасында зерттеушілік мәдениеттің рөлі. Әдістемелік сауаттылық және зерттеушілік құзыреттілік.

#### **Тақырып 9. Географияны оқытудың инновациялық әдістері**

Инновациялық әдістердің түсінігі және классификациясы. Географияны оқытудағы жобалық әдіс. Зерттеу әдісі; Цифрлық және геоақпараттық технологияларды қолдану; Интерактивті әдістер және визуализация; геймификация; Интегративті және STEAM оқыту; Кейс зерттеу.

#### **Тақырып 10. География сабақтарының типологиясы мен құрылымы**

География сабағының түсінігі және дидактикалық маңызы. География сабақтарының классификациясы (типологиясы). География сабағының құрылымы. Сабақтың түрі мен құрылымын таңдауға әсер ететін факторлар

#### **Тақырып 11. География сабағында оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру**

Танымдық іс-әрекет түсінігі мен сипаттамасы (Мотивация, қызығушылық, зейін және ерік белсенділіктің психикалық құрамдас бөлігі ретінде); Танымдық белсенділікті белсендірудің психологиялық-педагогикалық шарттары (Оқушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеру, Мотивациялық және дамытушылық білім беру ортасын құру, Эмоционалды тарту және танымдық бастама); Танымдық белсенділікті белсендіру әдістері

#### **Тақырып 12. География сабағында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту**

Оқу, математикалық, ғылыми, кеңістіктік, цифрлық және азаматтық сауаттылық сияқты функционалдық сауаттылықтың құрамдас бөліктері. География сабағында функционалдық сауаттылықты дамыту құралдары Графиктермен, диаграммалармен, картамен, мәтінмен, PISA талаптарымен жұмыс істеу дағдылары. Функционалдық сауаттылықты дамытуға ықпал

ететін әдістер мен технологиялар. Географиядан функционалдық сауаттылықты бағалау.

### **Тақырып 13. География сабағында рефлексия және кері байланыс**

Тәрбие үрдісіндегі рефлексияның рөлі. Географияны оқытудағы рефлексияның міндеттері мен функциялары. География сабағындағы рефлексия түрлері. Сабақтың әртүрлі кезеңдеріндегі рефлексия формалары (Білім мен көзқарасты жаңарту, түсіну мен қиындықтарды қадағалау, жаңаны түсіну, эмоциялар, қорытынды жасау). Географиялық білім берудегі рефлексияның әдіс-тәсілдері. Рефлексияға арналған сандық құралдар. Рефлексияны ұйымдастырудағы мұғалімнің рөлі.

### **Тақырып 14. Географияны оқытудағы зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру**

География сабағында ғылыми-зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері. Оқушылардың ғылыми-зерттеу іс-әрекетін ұйымдастыру кезеңдері. Географиядағы зерттеу іс-әрекетінің әдістері мен формалары. Мектеп географиясындағы зерттеу тапсырмаларының түрлері мен тақырыптары. Зерттеу жұмысын ұйымдастырудағы мұғалімнің рөлі. Зерттеу жұмысы, жобалар, тәжірибе және бақылау әдістері. Оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамыту әдістері.

### **Тақырып 15. Географияны оқытудағы сабақты зерттеу және іс-әрекетті зерттеу**

Іс-әрекеттегі педагогикалық зерттеудің түсінігі және ерекшеліктері. Географиялық білім беру контекстіндегі Lesson Study әдістемесі. Географияны оқытудағы Action Research кезеңдері мен құралдары. Сабақ барысындағы зерттеудің маңыздылығы

## ***3-пән. Тұрақты даму бағытында географиялық білім беру***

### **Тақырып 1. Тұрақты даму тұжырымдамасы және оның білім беру жүйесіндегі орны**

Тұрақты даму тұжырымдамасы; ТД негізгі үш құрамдас бөлігі: экология, экономика, қоғам; Білім тұрақтылықтың негізгі құралы ретінде; ТД тұжырымдамасының білім беру саясатына әсері; Тұрақты өмір салты және жеке жауапкершілік; Тұрақты дамудың халықаралық стратегиялардағы орны; Ұлттық оқу бағдарламаларына ТД енгізудің қиындықтары мен перспективалары

### **Тақырып 2. География сабақтарында тұрақты даму мақсаттарының интеграциясы**

География тұрақты даму мақсаттарын интеграциялау алаңы ретінде; Сабақ мазмұнына ТДМ-ын интеграциялау әдістемесі; ТДМ негізіндегі тақырыптық дизайн; Пәнаралық байланыс: география және экология, экономика, әлеуметтану; ТДМ бойынша оқу тапсырмалары мен кейстер мысалдары; Жаһандық тұрақты ойлауды қалыптастырудағы мұғалімнің рөлі;

### **Тақырып 3. Экологиялық тәрбие**

Табиғатқа жауапкершілікпен қарау, экологиялық мәселелерді шешуге бағытталған тәрбиелеу. Экологиялық білім беру тұжырымдамасы;

Географиядан экологиялық тәрбие беру әдістемесі; Мектеп қабырғасында экожобалар жүргізу және олардың маңызы; Экологиялық тақырыптарды оқу бағдарламаларына кіріктіру; Экологиялық мәдениетті дамытудағы отбасы, қоғам және мектептің рөлі. География сабағында экологиялық жобаларды ұйымдастыру. Жобаны ұйымдастыру және жүзеге асыру кезеңдері. Мектепте табысты орындалған экологиялық жобалар мысалдары.

#### **Тақырып 4. Климаттың өзгеруі және географиялық білім беру**

Климаттық факторлар, климаттың өзгеруінің себептері мен салдары, оқушылардың климат туралы білімдерін дамыту. Климаттың өзгеруінің себептері мен механизмдері; Климаттың өзгеруінің аймақтық ерекшеліктері; География климаттық процестерді түсіндіру құралы ретінде; Мектеп оқушыларының климаттық сауаттылығын дамыту; Климаттық карталармен, графиктермен, мәліметтермен жұмыс.

#### **Тақырып 5. Энергия тиімділігі және ресурстарды үнемдеу**

Сарқылатын және өалпына келетін ресурстар. Энергияны, жаңартылатын энергия көздерін тиімді пайдалану, үйде және мектепте ресурстарды тиімді пайдалану идеялары. Табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану негіздері; Тұрақты тәжірибелердің мысалдары, Энергияны тұтынуды және ресурстарды шешуді бағалау дағдыларын дамыту.

#### **Тақырып 6. Тұрақты дамуды бағалау құралдары**

Тұрақты даму көрсеткіштері. Экологиялық және әлеуметтік тиімділікті талдау әдістері. Тұрақты даму бойынша елдердің рейтингі. Қоршаған ортаға әсерді бағалау жүйелері. Экологиялық таңбалау. Жасыл стандарттар. Корпоративтік мәдениетке тұрақтылық принциптерін енгізу әдістері. ТД принциптерін білім беруге кіріктіру.

#### **Тақырып 7. Географиялық зерттеу әдістерін қолдана отырып, тұрақты даму мәселелерін түсіндіру**

ТД мәселелерін шешудегі географияның рөлі. Экологиялық процестерді талдаудың картографиялық әдісі. Мониторинг және геоэкологиялық мәліметтерді жинау. ГАЗ және цифрлық құралдармен жұмыс істеу. Әлеуметтік-географиялық сауалнамалар мен сұхбаттар. Аймақтық талдау және аумақтарды салыстыру. Жергілікті экологиялық мәселелер бойынша білім беру зерттеулері. Картография, мониторинг және талдау арқылы ғаламдық экологиялық мәселелерді анықтау.

#### **Тақырып 8. Аймақтық экологиялық мәселелер және білім беру**

Арал теңізінің экологиясы. Каспий аймағының проблемалары. Семей полигонының мұрасы. Алматы қаласының урбанизациясы және экологиясы. Оқу алаңы ретінде жергілікті мысалдар. Жергілікті жер мәселелері негізінде тапсырмалар құру артықшылықтары. Экологиялық сананы дамытудағы жергілікті жер компонентінің рөлі

#### **Тақырып 9. Тұрақты қала дамуы: ақылды қалалар**

Қалалардың экологиялық жүктемесі, көлік жүйесі, жасыл технологиялар. Мысал ретінде мегаполисті пайдалана отырып, тұрақты даму

тұжырымдамасын түсіндіру. Урбанизация және оның қоршаған ортаға тигізетін салдары. «Ақылды қала» түсінігі: ерекшеліктері мен мысалдары. Жасыл инфрақұрылым және экоқұрылыс. Тасымалдау және шығарындыларды азайту. Қалалық ортадағы энергия тиімділігі. Тұрақты қаланың дамуындағы азаматтардың рөлі. Қала тұрақтылықты географиялық талдау объектісі ретінде

#### **Тақырып 10. Оқушылардың экологиялық сауаттылығын бағалау**

Экологиялық сауаттылық туралы түсінік. Экологиялық сауаттылықтың даму критерийлері мен деңгейлері. Диагностикалық құралдар: сауалнамалар, тесттер, бақылаулар. Экологиялық ойлауға арналған тапсырмалардың мысалдары. Бағалауды оқу процесіне енгізу. Өзін-өзі бағалау мен рефлексияның рөлі. Экологиялық білім беру нәтижелерін бақылау. Тапсырмалар, сауалнамалар және диагностикалық әдістер арқылы оқушылардың экологиялық мәдениетін бағалау.

#### **Тақырып 11. Тұрақты дамудың педагогикалық принциптері**

Сын тұрғысынан ойлау принципі. Жүйелік және пәнаралық көзқарас. Тәжірибе және әрекет арқылы оқу. Құндылыққа бағытталған білім беру. Ынтымақтастық пен коммуникация принципі. Шығармашылық пен бастаманы дамыту. Жауапты мінез-құлық оқу мақсаты ретінде.

#### **Тақырып 12. Тұрақты даму үшін білім берудің негізін құрайтын халықаралық стратегиялар мен құжаттар**

Брундтланд комиссиясы және «Біздің ортақ болашағымыз» баяндамасы. Тұрақты даму тұжырымдамасы. Мыңжылдық декларациясы. БҰҰ-ның «2030 тұрақты даму күн тәртібі» қарары. Тұрақты даму үшін білім берудің құжатнамалық негіздері. ТДМБ оқыту міндеттері.

#### **Тақырып 13. Тұрақты даму мақсатында білім берудің теориялық-әдіснамалық негіздері.**

Тұрақты даму бағытында педагогикалық кадрларды дайындауда сүйенетін модельдер. Тәжірибеге бағытталған күшті (іргелі) білім және тұрақты даму. Зерттеуге негізделген білім және тұрақты даму. Тұрақты даму үшін білім берудегі құзыреттер. Тұрақты даму үшін білім берудің озық тәжірибелері.

#### **Тақырып 14. Тұрақты даму және географиялық білім беру.**

Тұрақты даму мүддесінде білім берудегі география мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігі. Қазақстандағы мектеп географиясы курсына тұрақты даму бағытында білім берудің әдістемесі.

#### **Тақырып 15. Географиядағы жаһандық білім және азаматтық жауапкершілік**

Жаһандық білім берудің мәні. География арқылы ғаламдық мәселелерді түсіну. Сыни тұрғыдан ойлауды, төзімділікті дамыту. ТДМ жаһандық азаматтықтың негізі ретінде. Жаһандық тақырыптар бойынша жобалық әрекеттер. Жергілікті әрекет ету және жаһандық ойлау дағдыларын дамыту. География дүниенің саналы азаматын тәрбиелеудің негізі ретінде.

**8D01515 – География**  
**білім беру бағдарламасы бойынша эссе тақырыптары:**

Қазақ

1. География сабағында оқушылардың зерттеушілік қабілетін дамыту жолдары
2. Географиялық білім беруде Тұрақты даму мақсаттарын интеграциялау
3. Қазіргі мектептегі география сабағының жаңартылған мазмұны: жетістіктер мен мәселелер
4. Цифрлық ресурстар мен ГАЖ технологияларын географияда тиімді қолдану
5. Географияны оқытуда жобалық және зерттеу әдістерінің маңызы
6. Экологиялық білім беру арқылы оқушылардың жаһандық жауапкершілігін қалыптастыру
7. Өлкетану негізінде географияны оқытудың аймақтық ерекшеліктері
8. География сабағында функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың әдістері
9. География пәнінің интеграциялық мүмкіндіктері және пәнаралық байланыс
10. Географияны оқытудағы инклюзивті тәсілдердің ерекшеліктері
11. Қаларың тұрақты даму моделі және оның мектеп географиясындағы мазмұны
12. Географияны оқытуда ойын технологияларының рөлі
13. Орта білім беруде география мұғалімінің кәсіби дамуы
14. Оқушылардың картографиялық сауаттылығын қалыптастыру жолдары
15. Тұрақты даму принциптері негізінде құрастырылған географиялық тапсырмаларды әзірлеу

**ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. Абдиманапов, Б.Ш., Абулгазиев, А. Географияны оқыту әдістемесі. Алматы, Абай университеті, 2021.
2. Ақашева Ә.С., Дүйсебаева К.Ж. А 97 Географияны оқыту әдістемесі: оқу-әдістемелік құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 175 б. ISBN 978–601–04–0035–1
3. UNESCO. Education for Sustainable Development Goals: Learning Objectives. – Paris, 2017.
4. Tilbury D. Education and Sustainability: Responding to the Global Challenge. – IUCN, 2007.
5. Географияны оқыту әдістемесі : ЖОО студенттеріне арналған оқулық / Е. А. Тоқпанов, О. Б. Мазбаев, Т. О. Уәлиев, Б. Қ. Асубаев. - Алматы : Эпиграф, 2021. - 412 б. - ISBN 9786012408577 : 8510.88

6. CLIL in Geography Education: European Practices. – Cambridge University Press, 2019.
7. К.Каймулдинова, Н.Шакирова, Қ.Мұздыбаева, Б.Абдиманапов, А.Белый. Тұрақты даму мақсатында географиялық білім беру: оқу құралы. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, “Balausa Print” баспасы, 2024. – 93б.
8. К.Каймулдинова, Н.Шакирова, А.Базилова, Педагог кадрларды даярлауда тұрақты даму мақсаттарын жүзеге асырудың теориясы мен практикасы. Монография – Абай атындағы ҚазҰПУ – Алматы:2024. – 192 б.
9. Максаковский В.П. Историческая география мира, Учебное пособие для вузов. — М.:Ленанд , 2016. —626 с.
10. Нокс П.Л., Марстон С.Л.. Адамзат географиясы: аймақтар мен өлкелерге жаһандық көзқарас. – Алматы: ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастығы, 2016. – 478 б.
11. Қазақстан Республикасының Ұлттық атласы. 1 том. Табиғи жағдайлары мен ресурстары. – Алматы, 2010. - 150 б.
12. Қазақстан Республикасының Ұлттық атласы. 2 том. Әлеуметтік-экономикалық дамуы. – Алматы, 2010. - 164 б.
13. Қазақстан Республикасының Ұлттық атласы. 3 том. Қоршаған ортасы және экологиясы. – Алматы, 2010. -158 б.
14. Лайсханов Ш.У., Каймулдинова К.Д., Алиаскаров Д.Т. Геоинформатика. Оқулық. – Алматы: «ОНОН баспасы», 2022. – 162 б.
15. Лайсханов Ш.У., Каймулдинова К.Д., Алиасқаров Д.Т., Усенов Н.Е., Исаков Е.Д. Географиялық білім берудегі геоақпараттық технологиялар мен ресурстар: электрондық оқу құралы. <https://giseducation.kz/>
16. Тоқпанов Е. А., Мазбаев О. Б. Картография және топография негіздері: Оқулық. – Алматы: «Дәуір», 2012. - 464 б.